

АНЫҚТАМА

Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің М.Шоқай атындағы «№187 IT мектеп-лицейі» КММ 2024 жылдың қорытындысымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша

« 24 » қаңтар 2025 жыл

Қызылорда қаласы

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 5-тармағына және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 21 қарашада №14441 болып тіркелген), сондай-ақ мектеп директорының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2021 жылғы 30 қарашадағы №48-1 бұйрығының негізінде жүргізілді.

2024 жылына сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар мен өлшемшарттар бойынша жүзеге асырылды.

Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Қазақстан Республикасының Білім туралы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 заңы және осы заң аясында шығарылған Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің бұйрықтары мектеп қызметін реттейтін заңнаманың нормативтік құқықтық актілерді еркін түсіндіруге мүмкіндік жасайтын құқықтық олқылықтардың болуына талдау жүргізілді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ. Жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде тосқауылдар қоюға әсер ететін ережелердің болуы анықталмады.

ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ, ОНЫҢ ІШІНДЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНЕ ШАЛДЫҚҚАН ЛАУАЗЫМДАРДЫ АЙҚЫНДАУ

Мектептің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде жұмысқа қабылданған қызметкерлердің басшысымен үлестес болуы, (жақын туысқандардың, ерлі-зайыптылардың және жекжаттардың) бірлескен тікелей бағыныстылықтағы жұмысы (қызметі), сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шектеулер мен лауазымды адамдар үшін қолданыстағы заңнамамен белгіленген тыйымдарды бұзу бойынша талдау жүргізілді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Қазіргі таңда №187 IT мектеп-лицейі бойынша жалпы қызметкерлер саны – 151. Оның ішінде педагог қызметкерлер бойынша – 106, техникалық қызметкер – 34, ақысыз демалыста – 1, кітапханашы – 2 және 8 қызметкер бала күтімінде.

Педагог шебер – 0, педагог-зерттеуші – 42, педагог сарапшы – 22, педагог-модератор – 29, санатсыз – 21. Жоғары білімді – 112, арнаулы орта білімді – 3, Педагогика ғылымының магистрі – 12.

Білім беру ұйымының әкімшілігі мен ұжымы білім саласындағы ережелерді және нормативтік-құқықтық актілер талаптарын сақтайды. Оқу жоспары және оқу бағдарламалары мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес жұмыс атқарып келеді. Мектеп басшысы сағат жүктемелерінің ұсақталмауын

әрдайым қатаң қадағалауда ұстайды. Әр оқу жылының аяғында пед кадрлардың сағаттары әдістемелік бірлестік отырыстарында қарастырылып, бірлестік жетекшілерінің хаттамасы негізге алынып, педагог қызметкерлерінің сағаты бөлінеді.

2024 жылы ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығын басшылыққа ала отырып мектебімізге 4 маман, enbek.kz сайты бойынша 3 педагог ассистент қабылданды. Техникалық қызметкерлер бойынша 5 жұмысшы қалалық жұмыспен қамту орталығына тіркеліп enbek.kz сайты бойынша қабылданды. Қызметкерлерді заңсыз жұмысқа қабылдау, жұмыстан шығару, қызметте төмендетудің басқа фактілері жоқ.

Мемлекеттік сатып алу кезінде лауазымды адамдардың үлестес болу фактілері анықталмады. Мемлекеттік сатып алудың барлық рәсімдері «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V Заңына сәйкес электрондық портал арқылы жүргізіледі.

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН РЕТТЕУ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы 2015 жылғы 23 қарашадағы №416-V заңының 51-бабы бойынша мектеп директоры және мектеп әкімшілігі, қызметкерлер тарапынан мүдделер қақтығысы орын алмаған.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ

«Меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау тәртібі, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі, білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау, балаларды бастауыш білім беру ұйымдары арасында ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау, негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығын негізге ала отырып (2020 жылғы 7 тамыздағы №332 өзгерістерімен және толықтыруларымен) 2024 жылдың 1сәуірі мен 31тамызы аралығында EGOV электронды порталы арқылы ата-аналардан 103 өтініш қабылданды.

«Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну» туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығына және ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығының 69-тармағына сәйкес тегін тамақ ұйымдастырылып, 525 баланың құжаттары қағаз жүзінде қабылданды. 159-ерекшелік бойынша 304 бала, 163-ерекшелік бойынша 221 бала ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығына, «Негізгі орта, жалпы орта білім беру туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №68 бұйрығы бойынша 2024 жылында мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі электронды үкімет порталының өтініміне сәйкес жеке тұлғалардан 24 өтініш түскен, жалпы орта білім туралы аттестаттың 7 телнұсқасын беруде оң шешім қабылданды.

«Негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдар арасында балалар ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығына сәйкес

жауапты орындаушылар көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсетудің, стандарттар және регламенттермен бекітілген мемлекеттік қызмет көрсетулердің нақты процестеріне сәйкестігіне; көзделмеген құжаттарды талап етудің болуына; қызмет көрсету мерзімдерін бұзу; мемлекеттік қызмет көрсетуден негізсіз бас тарту; құжаттарды қарастыру кезеңдерінің көптігі және қайталануы; мемлекеттік көрсетілетін қызмет (жасырын қызметтер) белгілері бар қызметтерді көрсетуі бойынша талдау жасады. Жасалған талдау нәтижелері бойынша мемлекеттік қызмет көрсету саласында бұзушылықтар анықталған жоқ.

РҰҚСАТ БЕРУ ФУНКЦИЯЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

Әкімшілік рәсімдер туралы Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы №107 заңына сәйкес зерделеу жүргізілді. Директордың атынан берілген цифрлық қолтаңбаларды пайдалану заң аясында жүргізілген. Рұқсат беру функцияларын іске асыру бойынша заң бұзушылықтар анықталған жоқ.

БАҚЫЛАУ-ТЕКСЕРУ ФУНКЦИЯЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

Әкімшілік дереккөздерге бармай және барумен профилактикалық бақылау нысанында мемлекеттік бақылауды жүргізу тәртібіне, тексеру іс-шаралары кезінде жауапты тұлғалардың өз міндеттерін орындауын бақылауға, әкімшілік дереккөздерге барумен профилактикалық бақылау нәтижелерін ресімдеуге, ұйғарымның орындалуын бақылауға талдау жасалды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

БЮДЖЕТ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ҚАРАЖАТЫН ИГЕРУ ЖӘНЕ БӨЛУ

2024 жылдың қаңтар–желтоқсан айларына мектеп қызметкерлерімен мұғалімдеріне барлығы- 606658.9 есептелді. 2024 жылдың 1 қаңтарына дебиторлық қарыз қалыптасқан жоқ.

Оның ішінде: 111 ерекшелікке- 551226.0

113 ерекшелікке- 45750,0. 121 ерекшелікке-23865, 2024 жылдың қаңтар-желтоқсан барлығы – 104531,3 тенге қаржы ұсталды (удержание), оның ішінде: Сыр медиа баспасөзге – 1091,0, Каз почта баспасөзге – 569,3 ,ВОСМС- Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналарына –9935,7,Депозит Жилстрой банкке-6788,0 Табыс салығына-30238,2 ., 10% зейнет ақы төлемдеріне -44796,0 Кәсіподақ жарнасына-5320,1 Жеке сот орындаушыларға-5626,2.

2024 жылға банк карточкалары арқылы қызметкерлерге барлығы-502540,7 тенге қаржы аударылған. 2024 жылдың 1 маусымына кредиторлық қарыз қалыптаспаған .

3) Бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер;

Мемлекеттік сатып алу бойынша

149 ерекшеліктен барлығы – 2951,0 шаруашылық заттарына (линолеум, краска, кафель, ветошь, водоэмульсия, щетка, бор, ведро, веник, цемент, клей, порошок, мыло, комет, жидкое мыло, гвозди) – 2474,3 кеңсе заттарына – 476,7 (бумага)

414-екшеліктен – барлығы -21859,0 қаралды. Робот тренажер – 6240,0, Квадрокоптер 1234,9, Интерактивный панель (1 шт) – 1105,7 моноблок (1 дана) – 800,0, Сканер книг- 288,1, Киоск на трубине-772,8 Компьютер в комплекте 4 дана -1044,7, Умная калонка-437,9, Гарнитура Class VR-3230,0, Робот конструктор 1600,0, ,парта со стульями 2625,Стеллаж 111,2, Государственный Флаг РК 118,0, Интерактивно информационный стенд -2249,9

159-ерекшелікке жергілікті бюджет бойынша барлығы – 16665,6 бөлінді Оның ішінде: Видео наблюдение – 179,1, Күзет агенттігі – 1260.0, пож. Сигнализация – 240,0, заправка огнетушителя – 91.0, пропитка крыши – 220.0, молн отвод – 100,0, опрессовка и промывка – 140.0, проверка средств измерения (теплосчетчика) – 83.0, экспертиза проверке документации – 200,0 дезинфекция – 124,0, ТБО – 128,7, заправка картриджей – 60,0, Устройство футбольный поли и беговой дорожки территории 9300,0, Текущий ремонт фасада зданий школы 2350,3, Работа по прокладке кабеля электроснабжения 2189,3

Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу 151 – ерекшелікке – 23933,0 (суға-304,0 электр энергиясына – 2632,2 жылу жүйесіне – 20996,8)

163-ерекшелікке барлығы – 31405.1 қаржы бөлінді. Оның ішінде ыстық тамаққа 310 балаға – 43406,0 мың тн, ақшалай 13456,0 мың теңге бөлінген.

159 ерекшелікте -25559.5,0 1-4 сынып оқушыларға ыстық тамаққа 305 балаға қаралған.

ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРМЕН ШАРТТАР ЖАСАСУ

2024 жылдың қорытындысымен мектепке келіп түскен арыз шағым болған жоқ.

Ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енген Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» 2020 жылғы 29 маусымдағы Кодексінің 89-бабының 2-тармағы бойынша, хабарға, ұсынысқа, үн қосуға, сұрау салуға жауаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сілтеме жасай отырып, мемлекеттік тілде немесе өтініш берілген тілде мазмұны бойынша негізделген және уәжделген болуға, оның қабылданған шешімге шағым беру құқықтары түсіндіріле отырып, арыз иесінің дәлелдерін жоққа шығаратын немесе растайтын нақты фактілерді қамтуға тиіс.

Сонымен қатар «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесіне келіп түскен өтініштер саны – 13. Бұл өтініштер бойынша арыз иесімен сөйлесіп, тыңдау хаттамалары жасалынып, өтініштер электрондық жүйе арқылы жауап берілді.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне қатысты мәселелер тұрақты қаралап, оларға қатысты шағымдардың болмағаны зерделеніп, бұл сала бойынша заңдылықтың бұзылу фактілері орын алған жоқ.

АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ

Күнделік.kz, Е-өтініш, ҰБДҚ, ES.IAC т.б ақпараттық жүйелермен жұмыс жүргізетін қызметкерлер күнделікті тексеріп, жұмыс жүргізіп отырады.

Kundelik.kz электронды журналында күнтізбелік жоспарлар толық салынып, күнделікті сабақтар толтырылып, күнделікті баға қоры қойылады.

Мектеп ғимараты бойынша 54 бейнекамера орнатылған. Оның 37-сі ғимарат ішінде, сыртқы аулаға – 17 бейнекамера орнатылған. Бейнекамералардың барлығы жедел басқару орталығына қосылған. Мемлекеттік сатып алу қызметі бойынша жыл сайын тиісті мекемелермен келісім-шарт жасалынып, жұмыс атқарылуда.

М.Шоқай атындағы №187 ақпараттық технология мектеп-лицейі

Анықтама

М.Шоқай атындағы №187 ІТ мектеп-лицейінде жоғары сынып оқушыларының қатысуымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» тақырыбында байқау өткізілді.

БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ:

Оқушыларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетке; Ата заңды құрметтеуге; адамгершілікке тәрбиелеу.

Байқау барысында оқушылар «Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» тақырыбында түсірген бейнероликтерін таныстырып, ой-пікірлерімен бөлісті. Ойын ашық айтып, тақырыпты аша білген сынып оқушыларының жұмыстары бағаланып, мектепшілік кезеңде жүлделі орын алған жұмыс қалалық кезеңге ұсынылды.

I орын – 9 «Б» сынып оқушылары


Айдосқызы Дильназ, Қабылбай Мерей, Шәріп Қайсар

II орын – 9 «А» сынып оқушылары

Әбілдаева Айым, Бахиева Ақсезім

III орын – 9 «Ә» сынып оқушылары

Өмірбек Айзада, Сүлеймен Нұршат



М.Шоқай атындағы №187 ақпараттық технология мектеп-лицейі

Анықтама

М.Шоқай атындағы №187 ІТ мектеп-лицейінде 2024 жылдың 9 желтоқсан күні ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай **"Сыбайлас жемқорлық-қоғамның өзекті мәселесі"** тақырыбында 10 "а" сыныбында тәрбие сағаты ұйымдастырылды.

Тәрбие сағатының мақсаты: Қоғамдағы өзекті мәселе болып отырған жемқорлық туралы мәлімет беру, алдын алу туралы, оқушыларды өз елінің адал да иманды азаматы болуға тәрбиелеу болды. Оқушылар топтарға бөлініп жағдаяттық тапсырмаларды орындады.





Анықтама

«ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!» СУРЕТ БАЙҚАУЫ

«Адал ұрпақ» еріктілер клубының жоспарына сай, көркем еңбек пән мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында 7-8 сынып оқушылары арасында сурет салу байқауы өткізілді.

Байқаудың мақсаты: оқушылар бойында сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік қасиеттерін қалыптастыру және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Жемқорлық - қоғам дерті екендігін, зиянды әрекеттен арылмай елде даму болмайтындығын өз шығармашылық жұмыстарымен бейнелеп көрсеткен оқушылар, сурет мағынасын ашып түсіндіруде де сыбайлас жемқорлыққа қарсы екендіктерін жеткізді.

Байқауға 18 оқушы жұмысын ұсынды. Ұсынылған жұмыстарды көркем еңбек пән мұғалімдері саралап, оқушылар жүлделі орындармен марапатталды.



М.Шоқай атындағы №187 ақпараттық технология мектеп-лицейі

Анықтама

М.Шоқай атындағы №187 ІТ мектеп-лицейінде 13.01.2024ж. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» ҚР Заңымен мектеп мұғалімдері және қызметкерлеріне түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Мектеп директоры Ұ.Баймбетов мұғалімдер мен қызметкерлерге сыбайлас жемқорлықтың құқықбұзушылықтар туралы әкімшілік істері бойынша, онша ауыр емес, ауырлығы орташа сыбайлас жемқорлық қылмыстық істері бойынша, ауыр және аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстық істері бойынша ҚР Заңдарында қандай жазалар қолданылатындығын түсіндіріп өтті. Сонымен бірге сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылығының фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсеткен адам мемлекет қорғауында болатындығын және ҚР Үкіметі белгіленген тәртіппен көтермеленетіндігін слайд және суреттер арқылы көрсетіп өтті.

Жиналыс соңында мектепте түрлі мақсаттарға ақша жинауға қатаң тыйым салынып, нақты қағидалар бекітілгендігін, бұл туралы арнайы бұйрықтар шығарылғандығын аттап өтті.



М.Шоқай атындағы №187 ақпараттық технология мектеп-лицейі

Анықтама

«Жемқорлық індет, жою міндет»

М.Шоқай атындағы №187 ІТ мектеп-лицейінде 2024 жылдың 9 сәуір күні «Жемқорлық індет, жою міндет» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Дөңгелек үстелдің мақсаты:

Қазіргі таңдағы мәселелердің бірі — қоғамдағы сыбайлас жемқорлық. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетіні бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиянын тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екенін баршамыз білеміз. Ұлтымыз үшін, Қазақстанның «Мәңгілік ел» болуына қомақты үлес қосу жарқын да, даңғыл жолға түсуге біздің міндетіміз.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатына қол жеткізу мынадай: қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру;

- 1.Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою;
- 2.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту;
- 3.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту;
- 4.Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру міндеттерін шешу арқылы іске асырылады.

Шараға қатысушылар сұрақтарын қойып, оларға тиісті түсіндірмелер алды.



<https://www.facebook.com/share/1BGsowDrrp/?mibextid=wwXIfr>
<https://www.facebook.com/share/p/1Fweuhkunu/>

Веб сайт сілтемесі:

<https://mustafashokai-187.edu.kz/%d1%96%d1%88%d0%ba%d1%96-%d1%82%d0%b0%d0%bb%d0%b4%d0%b0%d1%83>

Қорытынды

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде атқарып келген қызметтерде М.Шоқай атындағы № 187 ІТ мектеп – лицейінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің сипаты орын алмаған деп қорытынды жасалынды.

**Мектеп-лицей директорының
уақытша міндетін атқарушы:**

К.Е.Алматова